

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН

КОНТР-АДМИРАЛ КОМРАТОВ

Ашылмаған аралдар Бұл мақаланы жазуға ең алғаш қозғау салып, түрткі болған Қызылорда қаласының тұрғыны Кәрім Есмұрзиннің редакцияға жолдаған хаты еді.

Осыдан бір жыл бұрын бізге келген оның үшбу сәлемі: “Сайын атты ұлым бар. Сегізінші сыныпта оқиды. Болашақтағы арманы – теңізші болу, – деп басталыпты. – Баламның талабын қолдап, оған көмектесу үшін аталмыш саланың арғы-бергі тарихы туралы кітаптарды іздеп жүріп оқып, олардағы деректерді ұлыма айтып беремін. Көз жеткізген бір нәрсем, біздің Қазақ елінің патшалық және кеңестік кезеңдеріндегі өмір сүрген әскери қолбасшылар арасында ешбір қандасымыз жоғары дәрежелі теңіз офицерлері лауазымына қол жеткізе алмаған екен. Бұл тек еліміздің тәуелсіздігі кезінде ғана мүмкін болыпты. Оған “Батыс” өңірлік әскерінің қолбасшысы, контр-адмирал Комратовты айтар едік. Өкінішке қарай, аты-жөні мен қызметін баспасөз беттеріндегі ресми хабарлардан ұшыратып қалғанымыз болмаса, бұл азаматтың өмірбаянын толық білмейміз.

Сондықтан газеттеріңізге осы ағамыз жөнінде мақала жазсаңыздар деген өтінішім бар”. Болашақ теңізші ұл әкесінің бұл ойын хатты оқып отырғанда, сөз жоқ, құптағанбыз. Оның осындай идеяны айтқанына қатты риза болғанбыз. Сөйткенбіз де оған контр-адмирал Комратов жөнінде міндетті түрде материал жариялайтынымызды айтып, төмендегідей мазмұнда жауап хат та жазып жібергенбіз.

Ол: “Ұлты басқа демесек, бұған дейін Қазақстаннан Лев Анатольевич Владимирский деген бір жерлесіміз осындай дәрежеге қол жеткізген. 1903 жылы Гурьевте өмірге келіп, сонда оқып-ержеткен соң Орта Азия мемлекеттік университетінің әскери факультетін бітірген бұл кісі М.В.Фрунзе атындағы жоғары әскери-теңіз училищесіне түскен. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қара теңіз әскери флотына қолбасшылық етіп, контр-адмирал кейін адмирал атағын алған. Л.А.Владимирскийдің қызмет барысында тұтынған кейбір заттары қазір Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұр”, – деген сөйлемдер еді. Содан арада үш айдай уақыт өткен. Бір күні Ақтауға екі күндік іссапармен барудың сәті түсе қалды. Ондағы “Каспий теңізі мен оның жағалауындағы экологиялық ахуал” атты ғылыми-практикалық конференцияға қатысып болған соң бірден осындағы “Батыс” өңірлік әскерінің штабы үйіне тарттық. Ойымыз – мұндағы контр-адмирал Комратовқа жолығып, Қызылордадан редакцияға келген әлгі хат иесінің өтінішін орындау. Өкінішке қарай, іздеген адамымыз орнында болмай шықты.

“Ратмир Әлімханұлы Астанадағы Қорғаныс министрлігінен келген әскери инспекциямен жүр. Олар Каспий жағалауындағы флотилия жұмысын бақылап қайтпақшы”, – деді қолбасшының адъютанты. “Сонда ол кісі бүгін келмей ме?” “Анығын айта алмаймын”. “Неге?” “Себебі, инспекция мүшелерінің маршруты Каспий акваториясының біз жақтағы жағалауын толық қамтып қайтуға арналған. Бұл мына шеті Түркіменстандағы Қарабұғаз бен ана жағы Ресейдегі Астраханьға дейінгі теңіз үстімен ұшып бақылап қайту деген сөз”. Мұны естіген соң біз іштей қынжылған күйде терең бір күрсіндік те қолымыздағы сағатымызға қарадық. Қимыл-қозғалысымызды қалт жібермей қадағалап тұрған қолбасшы адъютанты: “Мұнда қанша мерзімге келіп едіңіздер?” – деді өзін нақ бір кінәлі адамдай сезінген кейіппен: “9 сағаттай уақытымыз бар. Кешкі 8-де чартерлік рейспен кетеміз”. “Мүмкін келіп қалуы да... Жалпы менен бір хабар күтіңіздер”, – деді ол екіұшты жауап қатып. Сөйтті де біздің көңілімізді аулағандай болып: “Ал оған дейін сіздер мына папкадағы ксерокөшірмемен танысыңыздар. Бұл Ратмир Әлімханұлының өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар.

Содан соң... Иә, содан соң мен сіздерге осы Ақтаудағы әскери-теңіз институтының бастығы, I рангалы капитан Марат Төлекбаевқа жолығып, әңгімелесуге кеңес берер едім. Өйткені ол кісі біздің қолбасшының жақын досы. КСРО кезінде екеуі Камчаткада 6 жыл бірге болған адамдар. Сондықтан Мәкең біздің Ратмир Әлімханұлы туралы қызық әңгімелер айтып беруі мүмкін”. Адъютанттың мына сөзіне біз елең ете түстік. Сөйттік те оған рахметімізді айтып, аз-кем уақыттан соң ол мезеген әскери-теңіз институтына қарай бет алдық. Жолшыбай мәшине ішінде папканы да алдымызға ашып қойып, болашақ кейіпкеріміздің өмірімен танысып келеміз. Анкеталық деректерге қарағанда Ратмир Комратов 1951 жылы Жамбыл қаласында өмірге келіпті. Әкесі Әлімхан 1912 жылғы екен. 1932-1936 жылдары Ташкенттегі және Тамбовтағы атты әскер училищесін бітіріпті.

Содан соң екі жыл бойы ақ финдермен арадағы соғысқа қатысып, атакты Маннергейм бекінісін алуда оның взводы үлкен ерлік көрсетеді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Әлекең әлі елге қайтпаған еді. Төрт жыл бойғы от кешуде үш рет жараланып, Жеңіс күнін 3-ші Украина майданының әскерлерімен бірге Дрезден қаласында қарсы алады. Содан кейін 1945 жылғы тамызда Қиыр Шығысқа аттанып, Жапонияның Квантун армиясын талқандауға қатысады да жеті жыл ішіндегі үш соғыста кеудесіне екі жауынгерлік Қызыл ту, Отан соғысы және Қызыл жұлдыз ордендері мен “Ерлігі үшін” медалін қадап елге оралады.

Әлімхан аға бейбіт өмірдегі еңбегінде де өзінің тәртіпті, тиянақты, адал қасиетімен ерекшелене біліпті. Оған ол кісінің 10 жыл Жамбыл қалалық құрылыс басқармасының бастығы, 12 жыл осы қалалық атқару комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарып, құрметпен зейнетке шыққандығы анық дәлел.

Ал кейіпкеріміздің анасы Роза Нығметоллақызы педагог екен. 45 жыл бойы мектепте сабақ беріп, үш баланы тәрбиелеп өсіріпті. Олар: 1948 жылы өмірге келген Руслан, 1951 жылы туған Ратмир және 1953 жылғы Рогдай екен.

Береке-бірлігі мол отбасыны қалыптастырып, көпке үлгі болған әке мен ана бауыр еті – балаларының азамат атанғандарын көздерімен көріп, көңілдері жайланған. Сөйтіп барып, отағасы Әлекең 1986, ал аналары Роза 2000 жылы бақилыққа аттаныпты. Міне, осы абзал жандардың ортаншы ұлы Ратмирге келер болсақ, ол өзі туып-өскен Жамбыл қаласының А.С.Пушкин атындағы № 8 орта мектебін үздік бағамен бітіреді. Сөйтеді де Севастопольдегі әскери-теңіз училищесіне оқуға түседі. 1973 жылы бұл білім орнынан ядролық-энергетикалық реакторлармен жұмыс істеу мамандығын алып шыққан лейтенант Ратмир Комратов Қызыл тулы Тынық мұхиты әскери-теңіз флотына жіберіледі. Сондағы Камчатка түбегі мен Куриль аралдарында 9 жыл болады. Бұл осында қызмет істейтіндер өмірлерінің көп бөлігі су астында өтетін құпиясы мол қатерлі жұмыс еді. Туғалы мұхит тұрмақ теңіз не көл көрмеген қазақ ұланы аталмыш әскери қызмет барысындағы қиындықтардың бәріне көнген. Төзген. Сөйтіп өзінің сөзге ермейтін адал, ешкімді қиянатқа қимайтын әділ қасиеттерімен адамгершілігі мол азамат екенін дәлелдеп шыққан.

Осындай ерекшелігінің арқасында Ратмир Әлімханұлы 27 жасында атомдық ракеталық-ядролық сүңгуір қайықтың топ жетекшісі, 30-ында дивизион командирі болады. 1982 жылы орталықтың сұратуы бойынша Қызыл тулы Тынық мұхиты әскери-теңіз флотының басшылығы оны өте жақсы мінездемемен КСРО Қорғаныс министрлігінің қарамағына жібереді. Мұнда ол 6 жылға жуық одақтағы әскери мақсатқа негізделген құпия кәсіпорындардың өкілі болады.

Осыдан кейін 1988-1990 жылдары Ленинградтағы адмирал М.Г.Кузнецов атындағы әскери-теңіз академиясында оқиды. Қазақстанның тәуелсіздік алғанын 1991 жылғы 18 желтоқсанда Ресей Қорғаныс министрлігінің Орал қаласындағы әскери кәсіпорындарын аралап көруге келген комиссия құрамында жүріп естіген Ратмир Комратов республика Үкіметіне елге оралғысы келетінін айтып хат жазады. Осы өтініш негізінде оны 1992 жылы мамырда еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, генерал-полковник С.Қ.Нұрмағамбетов қабылдайды.

Сағадат Қожахметұлымен арадағы болған сол кездесуден кейін біздің кейіпкеріміз Қазақстанның батыс өңірінде енді-енді қолға алынып, жаңадан құрылғалы жатқан республика әскери-теңіз базасының командирі ретінде Ақтауға аттанады. Мұнда ол табан аудармай 6 жыл жұмыс істейді. Ақ тер, көк тер болып еңбектенген сондағы сан түрлі істердің нәтижесінде алдымен Каспийдің біздің ел жақ бөлігін күзететін теңіз жағалауы патрульдік қызметі, бертін келе су айдынына шығатын флотилия, содан кейін барып әскери-теңіз флоты өмірге келеді. Мұнымен бір мезетте ол Ақтаудағы әскери-теңіз институтын ашудың негізін қалап, соған алғышарттар жасап үлгереді. Міне, аз ғана, тіптен аз уақыт ішінде осындай жанқиярлық еңбегі мен керемет ұйымдастырушылық қабілеті үшін Елбасымыз 1998 жылы өзінің Жарлығымен Ратмир Әлімханұлы Комратовқа контр-адмирал атағын беріп, республика Әскери-теңіз күштерінің қолбасшысы етіп тағайындайды.

Адъютант жігіттің берген папкасындағы мәліметтерден жоғарыдағыдай жәйттерге көз жеткізіп бола бергенімізде, жүргізушіміз әскери-теңіз институтының ғимаратына келіп қалғанымызды айтты. Содан аз уақыт өткен соң біз осы жоғары оқу орнының бастығы, I рангалы капитан Марат Төлекбаевтың алдында отырдық. – Ратмир Әлімханұлымен мен алғаш рет 1977 жылы Камчаткада танысқан едім, – деп бастады келген шаруамыздың мән-жайын білген соң ол кісі. – Сонда Рыбачье деген бухта бар болатын. Жағалауы толы ығы-жығы поселке үйлері. Біз қызмет ететін 8-ші сүңгуір қайықтар дивизиясы сапарға осы жерден аттанып, осында қайта оралатын. Тапсырма, яғни, су астындағы жорық 3-4 айға созылушы еді. Әрбір әскери кемеді 120-130 адамға дейін болатын. 400 метр тереңдікте жүзетінбіз. Міне, сондай бір кезекті алыс сапардан оралып, жағалауға жақындаған кезіміз еді. Қасымда сүңгуір қайықта бірге қызмет істейтін жалғыз қазақ жігіті, өскемендік Арнауыт Мұқатаев деген жолдасым бар. Екеуіміз люк ашыла салысымен таза ауа жұту үшін трапты тарпылдата басып жағаға ұмтылғанымызда, күтіп тұрған жұрттың ішінен лейтенант шеніндегі қараторы жігітті көріп қалдық. Қимылы өте тез екен. Батыл басып келді де: “Татарсың ба, кімсің?” – деді маған тіке қарап. “Қазақпын, – дедім оған. – Түркістан қаласынанмын”. “Мен де қазақпын. Жамбылданмын”. Міне, Ратмирмен ең алғаш осылай танысқан едім.

Жолдастық қарым-қатынасымыз бен достығымыз сол кездесуден бастау алды десем еш қателеспеймін. Камчаткада, әрине, онымен жұбымыз жазылмай, ұдайы бірге жүріп тұрдық деп өтірік айта алмаймын. Өйткені, әскери қызмет бабы оған көп мүмкіндік бере қоймады. Соған байланысты бір-бірімізді сирек көретінбіз. Неге десеңіз, ол да, мен де 8-ші дивизиядағы екі үлкен “РПКСН” (ракетно подводный крейсер стратегического назначения) деп аталатын кемеді болдық. Ондағы жұмыс тәртібінің ешкім білмейтін құпиялығының жауапкершілігін былай қойғанда, атқаратын қызметіміз өте ауыр еді. Вахтаға таңғы сағат 6-да тұрып, сменаны түнгі 12-де бір-ақ өткізіп беретінбіз. Әр крейсерде 16 баллистикалық ракетадан болды. Соны кірпік қақпай күзету керек. Орталықтан дабыл келіп түссе бәріне де дайын тұруға тиіс едік. 1982 жылы Ратмир

Мәскеуге кетті де көп уақыт бойы хабарласа алмай, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Тек, 1992 жылы кездейсоқ жағдайда, республика Қорғаныс министрі С.Қ.Нұрмағамбетовтің қабылдау бөлмесінде ұшырасып қалмасымыз бар ма?! Осы күтпеген кездесуде екеуіміз шұрқырай табысып, іле-шала ол да, мен де аталмыш ведомство басшысынан жаңа әрі жауапты қызмет атқаруға бұйрық алып шықтық. Бұл тағдыр дегеніңізді қойсайшы...

Ратмир Әлімханұлымен үшінші рет жол түйістірген тұсымыз 2003 жылы осы Ақтауда болды. Ол кезде сіздердің кейіпкеріңіз мұндағы Батыс әскери округінің қолбасшысы екен. Ал мен елімізде тұңғыш рет ашылған әскери-теңіз институтының бастығы міндетін атқаруға келген едім. Содан бері біргеміз. Ақтаудың 13-ші шағын ауданындағы 23-ші үйде қатар тұрып жатырмыз. Әулетіміз осында өсіп-өнуде. Ал өзіміз қадери-халімізше тәуелсіз еліміздің әскери-теңіз күштерін дамытуға үлес қосудамыз. Мәкең жоғарыдағы сөздерді айтты да бірауық үнсіз қалды. Біз осы сәтті пайдаланып ол кісіге досы туралы оның бойында тағы қандай үлгі тұтатын қасиеттер бар екенін сұрап үлгердік. – Ол мейірбан, ақкөңіл жігіт, – деді сауалымызға іле жауап қатқан әңгіме иесі. – Қазақта “батыр – аңғал” деген сөз бар емес пе. Ратмир дәл соның өзі. Мұны оның алып дене бітімі, кейбір қиын іс кездесе тайсақтамай, бірден бас-көз жоқ қойып кететін жүректілігі, жасы жер ортасына жетсе де жас балаға тән аңқау, сенгіш көңілі анық дәлелдейді ғой деп ойлаймын. Содан соң., иә содан соң отыз жылдай орыс ортасында жүрсе де ол қазақылығынан айырылмаған адам. Олай дейтінім, 1998 жылы Ратмирдің інісі Рогдай, 2000 жылы анасы Роза қайтыс болғанда нағыз жөн білетін мұсылман баласы екенін көрсетті. Еліне барып келісімен осы Ақтаудағы көрші-көлемді жинап құран оқытты. Дұға жасады. Қарапайым да салмақты қалпынан айнымай жиналғандарға тәлім-тәрбиелік әңгімелер айтты. Мұны ата баласына лайық көргендік белгісі деп білген жөн.

– Сөзімді Ратмирдің көп ешкім білмейтін бір ерекшелігін айтумен аяқтайын, – деді Мәкең жөткірініп қойып. – Оның өлең жазатыны бар. Орыс тілінде. Досымыздың бұл өнеріне Шымкенттегі 2-ші Бүкілармиялық кеңесте көз жеткізіп тәтті болғанбыз. Сол жиында ол Елбасы туралы мынадай өлең жолдарын оқып, залды дүр сілкіндіргені бар:

“Богом данный людям нашим,
Сын народа Нурсултан.
В трудный час страну возглавил,
Суверенный Казахстан.
Было трудно Союз распался,
Потерялись связи все,
Экономика упало,
Деньги стали не в цене.
И никто тогда не думал,
Президентом даже стать.
Очень трудно тогда было,
Всю страну руках держать.
И в послании народу,
Верьте мне сказали бы,
Что задумал то исполню,
Я держу слово свой.
Мы вам верим, вы пример нам,
Как работать, как служить.
Дорожит своим народом, и народ весь свой любить”. ...

Ақтауға барған іссапардан Астанаға қайтып оралған соң бір ай өткенде жаңа оқиғаның куәсі болдық. Контр-адмирал Ратмир Әлімханұлы Комратов елордаға Қорғаныс министрінің орынбасары боп келді. “Бұл кісімен енді анық кездесетін шығармыз. Сөз жоқ, осы жолы жүздесетініміз анық”, – деп ойлағанбыз сол сәтте. Бірақ бәрібір болмады. Бірде: “Жұмысқа енді ғана кірісіп жатырмын. Келе салып сұхбат бергенім ұят шығар. Уақыт өтсін. Сонда әңгімелесерміз”, – деді Ратмир Әлімханұлы телефонмен сыпайы ғана.

Екіншісінде: “Иссапарға кетті. Министрлікке жарты айдан кейін бір-ақ оралады”, – деді көмекшісі. Үшінші реткі өтінішімізге: “Міне, міне... Сізді енді қабылдайды. Ескертіліп айтылған. Күтіңіз”, – деген жауап алдық Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметінен.

Өстіп жүргенде... Иә... Осыдан екі апта уақыт бұрын болуы керек, контр-адмирал Комратов жасының келуіне байланысты әскери жарғыдағы тәртіппен отставкаға шығыпты. “Жақсы болды! Әңгімелесуге енді уақыты болатын шығар”, дедік жоғарыдағы хабарды естігенде біз. Иә, онымен енді сұхбаттасуға болады. Қалған сөзді содан кейін айтып, жазармыз. Қазірше осыған қанағат ете тұрайық, құрметті оқырман.

Жанболат ӘЛИХАНҰЛЫ (Аупбаев)
Жоламан БОШАЛАҚ.